



**Жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі шаралар туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 4 мамыр N 189-II ("Егемен Қазақстан" 2001 жылғы 12 мамыр N 96)

Минскіде 1999 жылғы 4 маусымда жасалған Жалған тауар белгілерін және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу мен жолын кесу жөніндегі шаралар туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Жалған тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді  
пайдаланудың алдын алу және болғызбау жөніндегі шаралар туралы  
**КЕЛІСІМ**

Осы Келісімге қатысушы мемлекеттер өз үкіметтерінің атынан, бұдан әрі  
- Тараптар,

1993 жылғы 12 наурыздағы Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі шаралар және өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері жөніндегі Мемлекетаралық кеңес құру туралы келісімге, 1993 жылғы 23 желтоқсандағы Монополияға қарсы келісілген саясат жүргізу туралы шартқа, сондай-ақ 1998 жылғы 6 наурыздағы Санаткерлік меншік саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесу жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге сүйене отырып,

жалған тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді пайдаланып тауарлар өткізуден тұтынушылардың және өндірушілердің құқықтарын қорғауды жүзеге асыру жөніндегі бірлескен шаралардың зор маңыздылығын тани отырып,

халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларын басшылыққа

ала отырып,

Тараптар арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге үлкен мән бере отырып,

жалған тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді пайдалану, сондай-ақ теріс пиғылды бәсекелестіктің әдістерін қолдану фактілерінің алдын алу және болғызбау жөніндегі бірлескен іс-қимылдарды үйлестіру мақсатында

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі терминдер мыналарды білдіреді:

тауар - қандай да болмасын қоғамдық сұранысты қанағаттандыратын және айырбас үшін өндірілген, яғни құндылығы оның басқа тауарларға айырбасталуы барысында белгіленген зат;

тауар таңбасы - бір жеке және заңды тұлғалардың тауарларын басқа жеке және заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан ажырататын белгі;

географиялық көрсеткіштер - тауардың сапасы, беделі не басқа да сипаттамалары оның географиялық шығару тегі мен елеулі дәрежеде ара-қатынаста болатын, Тараптардың аумағынан немесе олардың аймақтарынан, немесе жерінен тауардың шығу тегін белгілейтін белгілер;

жалған тауар таңбасы - үшінші тұлғаның тауар таңбасы иесінің құқығын бұза отырып пайдаланатын тауар таңбасы немесе тауардың шығу тегін жалған көрсететін таңба, сондай-ақ тұтынушыларды жаңылыстыруы мүмкін деректер немесе сондай элемент;

қорғаудың құқықтық құралдары - Тараптардың қолданыстағы құқықтық режиміне сәйкес пайдалануға рұқсат етілген жалған тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу және тыйым салу жөніндегі шаралар кешені;

мүдделі тарап - тауар шығарылған жер ретінде жалған көрсетілген жердегі не осы жер орналасқан аудандағы, не жалған көрсетілген елдегі немесе тауар шығарылғаны туралы жалған географиялық көрсеткіш, не жалған тауар таңбасы қолданылатын елдегі тауардың өндірісіне, жасалуына, өткізілуіне немесе тұтынуына қатыстырылған кез келген жеке және/немесе

заңды тұлға.

## 2-бап

Тараптар:

жалған тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді пайдалану фактілерін анықтау және жолын кесу;

өздерінің кедендік шекаралары арқылы басқа Тараптардың аумақтарына жалған тауар таңбалары және географиялық көрсеткіштері бар тауарлардың өтіп кетуінің алдын алу мәселелерінде ынтымақтасады.

## 3-бап

Жалған тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді пайдаланудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі шараларға келісуді Тараптар бірлескен іс-қимылдар және өз еріктерімен қабылдаған міндеттемелері негізінде жүзеге асырады.

## 4-бап

Тараптар географиялық көрсеткіштерге қатысты:

а) тауарды таңбалау немесе оның тұсау-кесері кезінде тауардың нақты шығарылған жерінен өзгені көрсететін (немесе ұқсастық тудыратын), сөйтіп тұтынушыларды тауардың географиялық шығарылуына қатысты жаңылысушылыққа түсіретін кез келген құралдың;

б) Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі Париж конвенциясының 10-бис бабының шеңберінде теріс пиғылды бәсекелестік ретінде танылуы мүмкін қандай да болмасын іс-әрекеттің пайдаланылуына жол бермеу мақсатымен мүдделі тараптарға қорғанудың құқықтық құралдарын береді.

## 5-бап

Тараптар, егер қандай да болмасын Тараптың көрсетілген аумағынан шығарылмаған тауарлар үшін тауар таңбасында географиялық көрсеткішті пайдалану тұтынушыларды осындай тауарлардың шығарылған нақты жеріне қатысты жаңылысушылыққа түсіретін болса, өздерінің міндеттемелеріне орай ұлттық заңдарына сәйкес немесе мүдделі Тараптың негізделген сұрау салуы бойынша тауар таңбасын тіркеуден немесе тауар таңбасына құқықты беруден бас тартады не географиялық көрсеткіштен тұратын немесе ол көрсеткіші бар тауар таңбасының тіркелуін немесе тауар таңбасына құқықты беруді жарамсыз деп таниды.

#### 6-бап

Осы Келісімнің 4 және 5-баптарына сәйкес қорғаудың құқықтық құралдары, тауарлар шығарылған аумақтарға, аймақтарға немесе жерлерге қатысты сөзбе сөз дұрыс болса да, тұтынушыларға тауарлардың шығарылған аумақтары туралы жаңсақ түсінік беретін географиялық көрсеткіштерге де қатысты қолданылады.

#### 7-бап

Тараптар шараптардың немесе күшті спирт ішімдіктерінің шығарылу аумағын көрсететін географиялық көрсеткіштердің пайдаланылуын ескерту мақсатымен бұл сусындар үшін іс жүзінде географиялық көрсеткіште аталмаған жерден шығарылған, оның ішінде, егер де мұндай географиялық көрсеткіштер тәржіме түрінде пайдаланылса немесе нақты шығарылған жер көрсетумен немесе "түр", "үлгі", "стиль", "еліктеме" секілді немесе осындай түсіндірмелермен сүйемелденетін болса, қорғаудың құқықтық құралдарын береді.

#### 8-бап

Егер де бұл Тараптың ұлттық заңымен көзделсе немесе мүдделі тараптың осындай географиялық шығу тегі жоқ шараптар мен спирттік ішімдіктерге қатысты сұрау салуы бойынша географиялық көрсеткіштен тұратын немесе ол көрсеткіш бар шараптарға немесе қуатты спирт ішімдіктеріне арналған тауар таңбаларын тіркеуден бас тартылуы керек немесе тіркелу жарамсыз деп танылуға тиіс.

## 9-бап

Шараптар мен қуатты спирт ішімдіктері үшін біркелкі географиялық көрсеткіштерді пайдаланған жағдайда қорғаудың құқықтық құралдары осы Келісімнің 6-бабының ережелерін сақтаған жағдайда әрбір географиялық көрсеткішке беріледі.

Өндірушілер үшін тең шарттарды қамтамасыз ету және тұтынушыларды жаңылыстыруды болдырмау мақсатында әрбір тарап біркелкі географиялық көрсеткіштерді бір бірінен ажыратып тұратын шартты белгілерді анықтайды.

## 10-бап

Географиялық көрсеткіштерді қорғаудың құқықтық құралдарын жеңілдету үшін Тараптар географиялық көрсеткіштерді тіркеудің көп жақты жүйесін құруға және олардың Тараптардың аумақтарындағы күзеті жөніндегі хабарламасына қатысты келіссөздер жүргізеді.

## 11-бап

Тараптар олардың ұлттық заңдарына тауар таңбаларына және географиялық көрсеткіштерге құқықты сақтау жөніндегі рәсімдер туралы осы Келісімде айтылған кез

келген құқық бұзушылыққа қарсы тиімді шараларды көздейтін, одан әрі жолсыздық жағдайларына құқықтық санкцияны білдіретін, осындай жолсыздықтар мен құралдардың алдын алу жөніндегі жедел шараларды қоса

отырып, ережелерді енгізуді қамтамасыз етеді. Осы рәсімдер заңды сауданы теріс пайдаланудан қорғауды қамтамасыз етуге және ондай кедергілердің құрылуына жол бермеуге тиіс.

#### 12-бап

Тауар таңбаларына және географиялық көрсеткіштерге құқықты сақтауды қамтамасыз ету рәсімдері жалпыға бірдей тең және әділ болуға тиіс.

#### 13-бап

Тараптар тауар таңбасы немесе географиялық көрсеткіш құқығының иелеріне осы Келісімде көзделген, осындай құқықты қамтамасыз ету үшін, жолсыздық жасалған жер бойынша және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес сот органдарына жүгінуге мүмкіндік береді.

#### 14-бап

Сот органдарының Тараптардың кез келген жеке және/немесе заңды тұлғасынан мүдделі тарапқа келтірілген шығынның орнын толық көлемінде толтыруды және оған жалған тауар таңбалары және географиялық көрсеткіштермен сауда жасаудан алған пайдасының бүкіл сомасын төлеуді талап етуге құқығы бар.

#### 15-бап

Сот органдарының мүдделі тараптың өтініші бойынша Тараптың кез келген жеке және/немесе заңды тұлғасынан оның іс жүргізу жөніндегі, адвокаттың сыйақысы қосылуы мүмкін, шығындарын өтеуді талап етуге, сондай-ақ осы Тараптың ұлттық заңында көзделген қажетті шаралардың бәрін қолдануға құқығы бар.

#### 16-бап

Тауар таңбасы немесе географиялық көрсеткіш иесінің құқығын бұзушылыққа қарсы тиімді құралдар жасау үшін Тараптар сот органдарының мүдделі тараптың өтініші бойынша құқық бұзушылық орын алған тауарлар бойынша қандай да болмасын өтеусіз, тауар таңбасы немесе географиялық көрсеткіш құқығы иесіне ешқандай зиян келтірмей, сауда айналымынан алуды немесе егер бұл Тараптың қолданыстағы ұлттық заңына қайшы келмесе, жоюды талап етуге құқығы бар.

Мұндай жағдайларды қараған кезде Тараптар екі фактордың сәйкестігін қамтамасыз етеді: бір жағынан құқық бұзушылық фактісі және қорғаудың құқықтық құралдары, екінші жағынан үшінші тұлғаның мүдделері. Жалған тауар таңбаларына қатысты заңсыз тіркелген тауар таңбасын, Тараптар қосымша келісетін ерекше жағдайлардан басқа, қарапайым алып тастау, мұндай тауарлардың сауда айналымына қосылуына рұқсат беруге жеткіліксіз деп танылады.

#### 17-бап

Сот органдарының тауар таңбасы немесе географиялық көрсеткіш иесі құқығымен

сақталуын қамтамасыз ету рәсімдерді оның теріс пиғылмен пайдалануына байланысты берілген өтініші бойынша шаралар қабылданған мүдделі тараптан осындай теріс пиғылды пайдалану нәтижесінде келтірілген зиян үшін заңсыз міндеттеліп немесе шектеліп отырған басқа мүдделі тарапқа жеткілікті өтем беруді талап етуге құқығы бар.

Сот органдарының, сондай-ақ өтініш берушіден жауап берушінің, оған адвокаттың тиісті сыйақысы қосылуы мүмкін, шығындарын өтеуді талап етуге құқығы бар.

## 18-бап

Тараптар сот органдарының мүдделі тараптың өтініші бойынша төмендегілерге қатысты дереу әрі пәрменді уақытша шаралар туралы шешім қабылдауға құқығы бар:

а) тауар таңбасы немесе географиялық көрсеткіш иесі құқығы бұзылуы туындауының алдын алу және, атап айтқанда, тауар айналымына жалған тауар таңбалары және географиялық көрсеткіштері бар тауарлардың, импортталатын тауарларды кеден бақылауынан кейін бірден қоса есептегенде, түсуін ескерту жөнінде. Мұндай іс-әрекеттер қандай да болмасын тұтынушының ол мұндай тауарлармен сауда жасау жасырын жүргізілгенін білгенге немесе білу мүмкіндігі болғанға дейін алынған немесе тапсырысталған тауарларға қатысты қолданылмайды;

б) құқық бұзушылыққа қатысты тиісті дәлелдемелерді сақтау жөнінде.

## 19-бап

Сот органдарының мүдделі тараптың өтініші бойынша қарсы жақ тарапты тыңдамай-ақ, атап айтқанда, егер кез келген кідіріс тауар таңбасы немесе географиялық көрсеткіш иесіне орны толмас зиян келтіретін немесе айғағы жойылып кететіні туралы дәлелді қауіп бар болса, уақытша шаралар қабылдауға құқығы бар.

## 20-бап

Сот органдарының талапкерден талапкердің тауар таңбасы немесе географиялық көрсеткіш құқығы иесі болып табылатынын және оның құқығы бұзылып отырғаны немесе осындай жолсыздықтың болуы мүмкін екенін дәлелдеуді талап етуге және талапкерге жауап берушінің құқығын қорғау және жолсыздықты болдырмау үшін жеткілікті кепілдеме бергізу туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

## 21-бап

Осы Келісімнің 19-бабында көзделген уақытша шараларды қабылдаған жағдайларда бұл жөнінде жауап берушіге кідіріссіз хабарлануға тиіс. Жауап берушінің өтініші бойынша уақытша шаралар қабылдау туралы шешімнің, оның ішінде тыңдалыну құқығы туралы шешім де бар, қайта қаралуы жүзеге асуға тиіс.

Уақытша шаралар кейінге қалдырылған немесе олар талапкердің кінәсі бойынша тоқтатылған немесе зияткерлік меншік құқығы бұзылғаны немесе бұзылу қаупі кейін белгілі болған жағдайда сот органдарының жауап берушінің сұрау салуы бойынша талапкерден сот ісі қаралған жердегі Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес осы шаралар келтірген зиянның тиесілі өтемін төлеуді талап етуге құқығы бар.

## 22-бап

Тараптар жалған тауар таңбалары және географиялық көрсеткіштері бар тауарлардың импортын жүзеге асыру мүмкіндігіне қатысты күдік тудыруға батыл негіз бар тауар таңбасы немесе географиялық көрсеткіш құқығы иесіне кеден органдарының мұндай тауарларды еркін айналымға шығаруын тоқтатуы туралы құзыретті органдарға, әкімшілік немесе сот органдарына жазбаша түрде жүгінуіне мүмкіндік беретін рәсімдерді жүзеге асырады.

Тараптардың сондай-ақ олардың аумақтарынан экспортқа шығаруға арналған жалған тауар таңбалары және географиялық көрсеткіштері бар тауарларды шығаруды кеден органдарының тоқтата тұруы жөнінде тиісті рәсімдерді алдын ала көздеуі мүмкін .

## 23-бап

Тараптар жалған тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді коммерциялық мақсаттарда қасақана пайдалану жағдайларында ұлттық заңдарында қылмыстық және әкімшілік жауаптылық белгілеу жөнінде шаралар қолданады. Жазалау шаралары құқық бұзушылықтың алдын алу ретінде басқа да осындай ауыртпалықтағы қылмыстар үшін санкцияның түрлерімен шамалас болуға тиіс. Тиісті жағдайларда жазалау шараларына жалған тауар таңбалары және географиялық көрсеткіштері бар тауарларды, құқық бұзушылықты жүзеге асырған кезде пайдаланған материалдар мен құралдарды пайдалануға тыйым салу, алып қою және жою кіруге тиіс.

## 24-бап

Осы Келісімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында Тараптар: олардың құзыретті органдары анықтаған жалған тауар таңбалары және географиялық көрсеткіштер бар тауарларды өндіру мен өткізу фактілерімен, сондай-ақ

экспорттау мен импорттауға бағытталған әрекеттер туралы жедел ақпараттармен алмасады;

осы баптың осының алдындағы бөліктерінде көрсетілген фактілерді, сондай-ақ тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді пайдалану құқықтарын қорғауға байланысты басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту, анықтау, жолын кесу және алдын алу жөніндегі іс шараларды бірлесе отырып белгілейді және жүзеге асырады;

осы Келісімнің күшіне жататын мәселелерді реттейтін құқықтық актілер туралы ақпараттармен, сондай-ақ тиісті әдістемелік және арнаулы әдебиеттермен тұрақты түрде алмасып тұрады;

Тараптардың аумағында енгізілетін тауар таңбалары және тауарлар

шығарылуының географиялық көрсеткіштері туралы мәліметтермен тұрақты түрде алмасып тұрады;

өнеркәсіптік меншікті қорғау саласында бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал етеді, семинарлар мен конференциялар өткізеді, кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру саласында ынтымақтасады.

## 25-бап

Тараптар Тараптардың осы Келісімді жүзеге асыру жөніндегі іс-қимылдарын үйлестіруді өнеркәсіптік меншікті қорғау мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңеске тапсырады.

## 26-бап

Осы Келісім Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардың ережелеріне ықпал етпейді.

## 27-бап

Осы Келісімге Тараптардың ортақ келісімімен жеке хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімде көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді пайдалануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер

Тараптардың консультациялары және келіссөздері арқылы шешіледі.

Даулы мәселелерді келіссөздер арқылы реттеуге мүмкіндік болмаған жағдайда Тараптар мүдделі тараптардың жазбаша уағдаласуы бойынша құзыретті халықаралық соттарға жүгінеді.

## 28-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап, ал ұлттық заңы оның күшіне

енуі үшін мемлекетішілік рәсімдерді орындауды талап ететін Тараптар үшін - тиісті хабарламаны депозитарийге тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптар мұндай рәсімдерді орындаудың қажеттілігі туралы осы Келісімге қол қойылған сәттен бастап үш ай ішінде депозитарийге хабарлайды.

## 29-бап

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы қолданыста болады. Егер де Тараптар басқа шешім қабылдаса, Келісімнің осы мерзімі аяқталғаннан кейін ол өздігінен келесі бесжылдық мерзімге ұзартылады.

## 30-бап

Әрбір Тарап шығудан алты ай бұрын депозитарийге жазбаша түрде хабарлай отырып, осы Келісімнен шыға алады немесе оған өзінің қатысуын тоқтата алады.

## 31-бап

Осы Келісім осындай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру арқылы оның мақсаттары мен қағидаттарын қуаттайтын басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Минск қаласында 1999 жылғы 4 маусымда бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жолдайтын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

|                            |                         |
|----------------------------|-------------------------|
| Әзірбайжан Республикасының | Молдова Республикасының |
| Үкіметі үшін               | Үкіметі үшін            |

|                         |                      |
|-------------------------|----------------------|
| Армения Республикасының | Ресей Федерациясының |
| Үкіметі үшін            | Үкіметі үшін         |

|                          |                           |
|--------------------------|---------------------------|
| Беларусь Республикасының | Тәжікстан Республикасының |
| Үкіметі үшін             | Үкіметі үшін              |

|              |              |
|--------------|--------------|
| Грузия       | Түркменстан  |
| Үкіметі үшін | Үкіметі үшін |

|                           |                           |
|---------------------------|---------------------------|
| Қазақстан Республикасының | Өзбекстан Республикасының |
| Үкіметі үшін              | Үкіметі үшін              |

|                        |                            |
|------------------------|----------------------------|
| Қырғыз Республикасының | Украинаның                 |
| Үкіметі үшін           | Үкіметі үшін (ескертпемен) |

Украинаның ТМД-ға мүше мемлекеттер үкіметтері басшылары кеңесі  
отырысы күн тәртібінің III-6 тармағы бойынша ескертпелері

"Жалған тауар таңбаларын және географиялық көрсеткіштерді  
пайдаланудың алдын алу және жолын кесу жөніндегі шаралар  
туралы келісім жөнінде"

1999 жылғы 4 маусым

"Иеленушінің тауар таңбаларына және географиялық көрсеткіштерге  
өзінің құқықтарын қорғау рәсімі туралы 22-бап Украина үшін оның ұлттық  
заңдарына сәйкес қолданылады".

Украина делегациясының басшысы,

Украинаның Премьер-министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК